

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН  
МЕРЕКЕЛЕР МЕН САУЫҚ-КЕШТЕРДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ПРОВЕДЕНИЮ ПРАЗДНИКОВ И РАЗВЛЕЧЕНИЙ  
ДЛЯ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

Нұр - Сұлтан  
2022

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Балаларды ерте дамыту институты» базасында әзірленген*

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан, 2022 – 53 бет.

**Пікір жазғандар:**

Б.О. Арзанбаева п.ғ.к;  
А.Н. Омарова меңгеруші;  
Б.С. Бикембаева әдіскер

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мерекелер мен сауық-кештерді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға, тапқырлық пен шешендік өнерді ұштастыруға, сондай-ақ суырып салмалық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға көмектеседі.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2022 жылғы 28 наурыздағы №3 хаттама).

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Ерте жастан бастап бала мерекенің не екенін біледі және олардың көп болғанын қалайды. Өмірдің қуанышты және жарқын сәттеріне ұмтылу адамға тән қасиет болып келеді. Мерекелер адамға тек демалуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ оны мейірімді, жанашыр, жомарт етеді, қиын сәттерде адамға қуаныш сыйлайды.

Мерекелер мен сауық-кештер мектеп жасына дейінгі балаларды тұлға ретінде қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар, балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын оятады, ұжыммен әрекет ету қабілетін дамытады, қоғамдағы мінез-құлық тәжірибесін жинақтауға, бастамашылдық пен дербестік танытуға ықпал етеді. Мерекелерге қатысу, әсем безендірілген үй-жайлар, жағымды эмоциялар балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Мерекелердің, сауық - кештердің тәрбиелік, танымдық, эстетикалық әсері өте маңызды, сондықтан оларды дайындауға және өткізуге немқұрайлы қарауға және балалардың зерігуіне жол берілмеуі тиіс. Мерекелер – балабақшаны танытудың негізгі құралы. Мерекелер мен сауық-кештердің барысында балалардың даму деңгейі байқалады, олардың не үйренгенін, балабақшада өзін қаншалықты жайлы сезінетінін көруге болады.

Әрбір мерекенің, сауық-кештің әр балаға жетуі тиіс белгілі бір мағынасы болады. Бұл мағына мерекенің мазмұны арқылы берілуі тиіс, мазмұнды ашуда әндер, өлеңдер, музыка, билер, қойылымдар мен көркем безендірулер қажет. Мерекелерді, сауық-кештерді ұйымдастыру арқылы балаларды мәдениетке баулуға, олардың шығармашылық даралығын дамытуға және тұлғаның оң «Мен» тұжырымдамасын қалыптастыруға жағдай жасалуы тиіс.

Мерекелер мен сауық-кештер мектепке дейінгі ұйымда өткізілетін тәрбиелеу-білім беру процесінің құрамдас бөлігі. Олар тәрбиеленушінің жеке басының қалыптасуына ықпал етеді, дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді, педагогикалық жұмыстың белгілі бір нәтижесін көрсетеді. Жақсы ұйымдастырылған мерекелер психикалық процестердің дамуына: есте сақтау мен зейінді, баланың сөйлеуін дамытуға жағдай жасайды, ұйымдастырылған оқу қызметінде алған білімдерін кеңейтуге, адамгершілікке тәрбиелеуге ықпал етеді. Балабақшадағы мерекелер тек көңіл көтеру шарасы ғана емес, сонымен қатар ауқымды, күрделі дайындық жұмыстарын қамтиды.

Әдістемелік ұсынымдардың **мақсаты** - мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне балабақшадағы мерекелер мен сауық-кештерді ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

## МЕРЕКЕЛЕР МЕН САУЫҚ-КЕШТЕРДІҢ МАҢЫЗЫ МЕН РӨЛІ

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде мерекелер ерекше орын алады, олардың негізгі мақсаттарының бірі - тұлғаны дамытудың маңызды шарты болып табылатын әртүрлі эмоциялар мен сезімдерді қалыптастыру.

Мерекелер өнер түрлері: музыканы, көркем сөз бен билерді, қойылымдарды, бейнелеу өнерін қамтиды, олар балалардың эстетикалық сезімдерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамытады.

Мерекеге дайындық мектеп жасына дейінгі балалардың алдағы мейрамға деген қызығушылығын тудырады; осы қызығушылықтың негізінде олардың моральдық және адамгершілік қасиеттері, көркемдік талғамы қалыптасады.

Мейрам қарсаңындағы әрекеттер және қандай да бір мерекені атап өту кезіндегі сәттер тәрбиеленушілер мен педагогтерді жақындастырады, осы арқылы олардың арасында тығыз ынтымақтастық пайда болады.

Мерекеге дайындық кезінде бала құрдастарын тек бақылап, тыңдап қана қоймай, педагог оның ойындарға, билерге, қойылымдарға қатысуға деген ұмтылысын қолдап, мерекеге дайындық процесінде белсенділік танытуына ықпал ету керек.

Балалар үшін арнайы таңдалған декорациялар, костюмдер мен атрибуттар, билерді, хороводтарды, театрландырылған қойылымдарды сүйемелдеу үшін жазбаларды пайдалану, музыка залының әсем безендірілуі мерекенің қызықты өтуіне әсер етеді. Балаларды (ересек топтардың және мектепалды топтарының балаларына қатысты) мереке қарсаңында музыка залын, топ бөлмелерін безендіруге қатыстыру маңызды, бұл балалардың әлеуметтенуін қамтамасыз етеді, командада жұмыс істеуге дағдыландырады және адамгершілік қасиеттерді меңгеруге, қазақ халқының салт-дәстүрлеріне баулиды.

Мерекелерді ұйымдастыруда оларды өткізу уақытын ескеру қажет. Кіші және ортаңғы топтың балалары тез шаршайды, олар тек шағын өлеңдер мен әндерді қабылдай алады, сондықтан олар үшін мерекенің ұзақтығы 20-30 минуттан аспауы тиіс. Ересек және мектепалды жасындағы балаларға арналған репертуар әлдеқайда бай және алуан түрлі болуы қажет, осыған байланысты мерекелер мен сауық-кештерді өткізу ұзақтығы 45-55 минутқа дейін артады.

Мереке балаларға қуаныш сыйлайды, сондықтан әр тәрбиеленушінің оған белсенділікпен қатысуы маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға таныс әндерді, хороводтарды, билерді бірнеше рет ықыласпен және мәнерлі қайталалау тән болып келеді. Сондықтан мереке мен сауық-кештердің бағдарламасына балаларға таныс материалдың едәуір бөлігін қосып, өзгерістер енгізу керек (хороводтар, ойындар және т.б. өзгеше безендіру).

Мерекеде балалар өздерінің жетістіктерін көрсетеді, олар мерекелерден жана әсерлер алады, сонымен қатар, мерекелер балалардың одан әрі дамуына ықпал етеді.

## МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Әрбір мектепке дейінгі ұйымда мерекелерді атап өту және сауық-кештерді өткізу дәстүрге айналған.

Тақырыптық бағыты мен құрылымы бойынша мерекелер үш түрге бөлінеді:

- қоғамдық;
- тұрмыстық;
- маусымдық.

Қоғамдық мерекелер салтанатты түрде өткізіледі. Бұл мерекелер балалардың қолдарына көгілдір жалаушалар, шарлар, гүлдер ұстап, салтанатты марш әуенімен музыка залына кіруімен басталады. Сонымен қатар, Отан, туған жер туралы тақпақтар мен өлеңдер, әндер айтылады. Балалардың өнер көрсетуінде ойындар, билер, әндер алмастырылып отырады, ойындарда балалар ептілік пен тапқырлық таныта отырып, бір-бірімен жарысады.

Әр балабақшада мерекелер мен сауық-кештердің сценарийлері әртүрлі және олардың бірнеше қызықты нұсқалары болуы тиіс.

Қоғамдық мерекелер:

- 6 шілде — Астана күні;
- 30 тамыз — Конституция күні;
- 16 желтоқсан — Тәуелсіздік күні;
- 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні;
- 1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күні;
- 7 мамыр — Отан Қорғаушылар күні;
- 9 мамыр — Жеңіс күні;
- 1 маусым – Балаларды қорғау күні.

Тұрмыстық мерекелер қоғамдық мерекелерден балалардың өмірімен байланысты тақырыптары, көркем безендірілуі және құрылымы бойынша ерекшеленеді.

Тұрмыстық мерекелер:

- Жаңа жыл мерекесі;
- Наурыз мерекесі;
- Балаларды мектепке шығарып салу мерекесі.

Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және үй-жайларда өткізуге болады, мұның барлығы мереке тақырыбына, ауа-райының жағдайларына, сондай-ақ мереке өтетін орынды таңдауға әсер ететін көптеген факторларға байланысты.

Маусымдық мерекелер жыл мезгілдеріне байланысты өткізіледі. Қысқы мерекелер мен сауық-кештерді өткізуде әдетте көңілді қысқы ойындарды, көктем мезгілінде көктемнің және құстардың келуімен байланысты өлеңдер мен әндерді, күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістерді: жапырақтардың түсуін, көкөністер мен жемістердің, егіннің пісуін ескерген абзал. Осы мерекелердің көңіл-күйін жеткізетін музыкалық шығармалар көңілді, салтанатты, қуанышты, жылдам және баяу, яғни алуан түрлі болуы қажет. Маусымдық мерекелерді

тәрбиелік мақсаттары мен материалдың мазмұнына байланысты сауық - кештер түрінде өткізуге болады.

Жазғы мерекелер мен сауық-кештерді ауа-райының жағдайларына байланысты көбінесе далада, балабақшаның ойын алаңында өткізуге болады, оларды әдетте ертегі қойылымымен аяқталатын концерт түрінде өткізу ұсынылады. Ойын алаңын түрлі-түсті, ашық түсті ленталармен, шарлармен, гүлдермен және т. б. безендіріледі.

Алтын күз мерекесі. Музыка залы сары жапырақтармен, көкөністер мен жемістердің суреттерімен безендіріледі. Бұл оқу жылындағы алғашқы мереке болғандықтан, оның негізін ойындар құрауы мүмкін.

Қыс мезгілінде мерекелер мен сауық-кештерді ауа-райына байланысты таза ауада немесе спорт және музыка залында өткізуге болады. Егер мерекелер таза ауада ойын алаңында өткізілсе, балалар тоңып қалмауы үшін көбірек қимылды ойындар ұйымдастыруға болады. Ойын алаңын ата-аналардың қатысуымен алдын-ала дайындалған қардан жасалған пішіндермен безендіруге болады.

Көктем мерекелері музыка залында өтеді, онда балалар қысты шығарып салып, көктемді қарсы алады. Зал гүлдермен, шарлармен және т.б. безендіріледі. Балалар ән, өлең айтады, ойын ойнайды. Тәрбиеленушілерге «Жыл мезгілдері» альбомдарын қарастыру, салыстыру ұсынылады.

Маусымдық мерекелер:

- Көрікті көктем келді!
- Жайдарлы жаз!
- Алтын күз!
- Қыс қызығы!

Ата-аналар әдетте мерекелерге шақырылады. Мерекелер мен сауық-кештердің алдында тәрбиеші немесе музыка жетекшісі ата-аналармен жеке және топтық консультациялар өткізеді. Егер қандай да бір себептерге байланысты ата-аналармен консультациялар өткізілмеген жағдайда олар өз ұсыныстарын жазбаша түрде баяндап, ата-аналарға арналған бұрышта қалдыра алады. Сондай-ақ, балабақшаның фойесіндегі жалпы хабарландыру тақтасына мерекелік хабарландыру ілінеді. Хабарландыруда мерекенің атауы, әрбір топта өткізілетін күні мен уақыты көрсетіледі.

Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру және өткізу – бұл тәрбиешілердің ата-аналардың алдында атқарылған жұмыстары туралы есеп беруі, ертеңгіліктер барысында ата-аналар балаларының балабақшада не үйренгендерін көре алады. Сондай-ақ, ата-аналарға балаларының құрдастарымен, педагогтермен өзара қарым-қатынасын анықтауға, баласының қалыптасқан дағдыларын және үйде жетілдіруді қажет ететін қандай да бір әрекеттерін байқауға, баланың ұжымдағы мінез-құлқын ( көпшіл, ұялшақ, тәртібі яғни, өзін ұстай білуі) бағалауға мүмкіндік береді.

## **БАЛАБАҚШАДА МЕРЕКЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

Балабақшада мерекеге дайындық және оны өткізу тәрбиешілердің, музыка жетекшісінің және басқа қызметкерлердің балалармен бірлескен әрекетін талап ететін ауқымды, күрделі жұмыс. Бұл жұмысты ұйымдастыру үшін барлығы мерекеге дайындықтың кезеңдерін ретімен іске асырып, бір жоспарға сәйкес жүйелі түрде әрекет етуі керек.

Мерекені өткізу үшін алдын ала сценарий құрылып, әдістемелік кеңесте оны педагогикалық ұжыммен талқылау қажет, мектепке дейінгі ұйымның жағдайларын, жас тобындағы балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, сценарийге түзетулер енгізуге болады. Мереке балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылуы және олардың қызығушылық танытуы, әр баланың оған қатысудан жағымды әсер алуы маңызды болып табылады.

Мерекенің дайындық жұмыстарына балабақшаның барлық педагогикалық ұжымы қатысады, музыка жетекшісі мен жас тобының тәрбиешілері жауапты болады. Балалар үйренген музыкалық репертуардан олар анық және мәнерлі орындайтын әндерді, такпақтар мен билерді, қойылымдарды белгілі бір ретпен сценарийдің құрылымына енгізу ұсынылады.

Таңдалған репертуар (әндер, билер, сахналық қойылымдар) қолданыстағы бағдарламаның талаптарына сәйкес келуі және оны таңдауда педагогикалық мақсат пен тәрбиелік міндеттер ескерілуі қажет.

Репертуарды таңдау кезінде әр тәрбиеленушінің және жалпы топтың жас және жеке мүмкіндіктері ескеріліп, балалардың күрделі шығармаларды орындамауын, мереке балалар үшін өткізілетіндіктен олар белсенді қатысушылар болып табылатынын естен шығармаған жөн.

Мерекеде қолданылатын шығармалар балаларға қызықты және түсінікті болуы, әндерді таңдауда мерекенің бағытын ескеру қажет. Қазіргі кезде композиторлардың балаларға арналған көптеген шығармалары бар, бірақ ол әндердің музыкалық құрылымы кейде балаларға түсінікті бола бермейді. Сондықтан балалар орындай алатындай музыкалық құрылымы бойынша қарапайым әндерді таңдау керек, олардың саны мерекенің сценарийіне байланысты болады.

Мерекелерде қойылымдарды сахналау тәрбиеленушілердің диалогтік, монологтік сөйлеуін дамытуға, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге т. б. ықпал етеді.

Сахналық қойылымдар үшін материалды таңдағанда балалардың жас және жеке қабілеттерінің ескерілуіне, сондай-ақ олардың өмірлік тәжірибесін байытуға, білім алуға деген қызығушылығын тудыруға, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға назар аудару керек. Сахналық қойылымдарда қатыгездік, дөрекілік пен зорлық-зомбылық көрсетілмеуі, қойылымдардың сюжеті балалар үшін қызықты болуы тиіс.

Мерекелер мен сауық-кештерде аудиожазбаларды қолдануға болады. Жазбалар көбінесе сапасыз болатындықтан фонограмманы көп қолдану балалардың есту қабілетінің қалыптасуына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Ойындар мен билерге ерекше назар аудару керек. Балалар үшін аналары, әкелері, отбасы мүшелері қатысатын жарыс түріндегі ойындар өте қызықты болып келеді. Ойындарды қолдана отырып, олар сценарийдің бөлігі болып табылатынын және мерекенің мазмұнымен үйлесуі керек екенін есте сақтаған жөн.

Мереке күндері балабақшаның үй-жайларын безендірудің маңызы зор. Залды безендіру топты безендіруге қарағанда өзінің салтанатымен ерекшеленуі тиіс.

Мереке қарсаңында балабақшаның үй-жайларын безендіруде мынадай талаптарды:

- құрал-жабдықтардың, бұйымдардың балалар өміріне қауіпсіз болуын;
- үй-жайларды безендіру мерекенің мазмұнына сәйкес келуі және балаларға түсінікті болуы керек;
- балалардың көңіл-күйін көтеруді, алдағы мерекеге қызығушылық тудыруды ескерген жөн.

Билерді, ансамбльдерде және балалар музыкалық аспаптарының оркестрінде ойнауды жеке немесе шағын топпен күннің екінші жартысында үйретуге болады.

Жүргізушіні таңдауға ерекше назар аудару керек. Жүргізуші бағдарламадағы (сценарийдің) әрекеттердің (өлеңдер, әндер, билер, ойындар мен қойылымдар және т.б.) ретін біліп қана қоймай, балалармен және қонақтармен (ата-аналармен және т.б.) еркін сөйлесе білуі қажет, сонымен қатар ертеңгілік кезінде кенеттен келеңсіз жағдайлар орын алып жатса, тапқырлық танытып, сол жағдайдан шыға білуі керек. Осыған байланысты жүргізуші рөліне музыкалық қабілеті, актерлік шеберлігі бар, көпшілік алдында өзін еркін ұстай алатын, анық, мәнерлі сөйлей білетін педагогті ұсынуға болады.

Балабақша қызметкерлерін кейіпкерлердің рөлдерін сомдауға тарту, оларға сахнада өзін ұстай білуін және сөйлеу мәнерінің дұрыс болуын айту, тапсырмаларды алдын-ала бөліп беріп (кейіпкерлердің костюмдерін, атрибуттарды дайындау және т.б.), олардың орындалу мерзімдерін анықтау маңызды болып табылады. Бұл залды безендіру жұмысын ұйымдастыруға, балалар мен ересектерге арналған костюмдерді дайындауға, тосын сәттерді әзірлеуге және т. б. септігін тигізеді.

Мерекеді өнер көрсетуге, кейіпкерлердің рөлдерін сомдауға кәсіби әртістерді, ата-аналарды, мектеп оқушыларын тартуға болады, оның бәрі сценарийде көрсетілуі тиіс.

Музыка жетекшісінің тікелей міндеті музыкалық шығармалардың толық дыбысталуын, олардың көркем орындалуын қамтамасыз ету. Музыка жетекшісі балаларды мәнерлеп орындауға үйрете отырып, ән айтуда музыканы тыңдауға және билегенде қимылдарды ырғақты орындауға ерекше назар аударуы керек.

Мерекелер мен сауық-кештердің бағдарламасының толық нұсқасын балалар білмеуі керек. Алайда, балаларға жалпы хороводты орындау кезінде, билегенде тұратын орындарын көрсету және қайтадан сапқа тұруға көмектесу үшін мерекеден бірнеше күн бұрын балаларды 2-3 шағын топтарға біріктіріп, бір немесе екі ұзақ емес дайындық (10 минутқа дейін) өткізу ұсынылады.



Мерекелік ертеңгіліктерді таңертең де, күннің екінші жартысында да өткізуге болады, бірақ балалардың жасына байланысты олардың ұзақтығы 20 минуттан бір сағатқа дейін болуы керек.

Мереке өткеннен кейін бірнеше күн бойы музыка залын безендірілген қалпында және залда ойындарға арналған атрибуттарды қалдыруға болады. Балалар сүйікті әндерін, билерді, хороводтарды, ойындарды қайталап орындауды ұнатады, мерекеден алған әсерлерін көрсетіп, өз қабілеттеріне деген сенімдері арта түседі. Сонымен қатар, мерекеден алған әсерлерін сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған оқу қызметінде көрсетуге мүмкіндік беру керек.

Мереке өткеннен кейін педагогикалық ұжым оның өткізілу барысын талдауы тиіс, жағымды жақтарын атап өтіп, келеңсіз сәттердің себептерін анықтауы және келешекте оларды болдырмау үшін жүргізілетін жұмысты белгілеуі қажет.

## СЦЕНАРИЙ ҚҰРУҒА ҰСЫНЫМДАР

- Мерекенің өткізілуі, залдың безендірілуі жан-жақты ойластырылуы керек.
- Музыкалық шығармаларды таңдауға, музыкалық сүйемелдеуге назар аудару.
- Балалардың музыканы қабылдауын ескеру.
- Жүргізушіні таңдау.
- Мерекеге барлық балаларды қатыстыру, олар өздерін жайлы сезінуі үшін осы жас тобындағы балалардың жеке мүмкіндіктерін ескеру.
- Сценарийге жаңа материалды ғана емес, сонымен қатар ойындарда жинақталған музыкалық тәжірибені де қосқан маңызды, бұл мерекеді балалардың өздерін еркін ұстауына әсер етеді.
- Ойындардың қарқынын, динамикасын ойластыру керек.
- Сондықтан сценарийді алдын-ала құрастыру қажет.
- Сценарийді жас тобымен жұмыс істейтін тәрбиешілермен, әдіскермен талқылағаннан кейін бекіту.
- Әріптестермен мерекенің өткізілуін бірігіп талқылау сценарийдің сапасын арттыруға, материалды жаңа идеялармен байытуға мүмкіндік береді.
- Сценарий жазылып, түзетулер енгізілгеннен кейін дайындық кезеңі басталады.
- Балалардың шаршауын болдырмау және мерекеге деген қызығушылығын жоғалтпау үшін ауқымды дайындықтарды бірнеше рет өткізудің қажеті жоқ.
- Сценарийдің жекелеген бөліктерін көрсету ұсынылады.
- Бүкіл топпен бір уақытта жұмыс жасағаннан гөрі, балалардың шағын топтарымен және әр баламен жеке жұмыс жасау тиімді болып табылады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Балалар үшін мерекелер олардың өміріндегі ең жарқын және қуанышты сәттердің бірі болып табылады. Мерекелер мен сауық-кештер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, балаға жағымды сезімдер сыйлайды, ұжымда әрекет етуге баулиды, ақыл – ойын дамытады. Бала мерекені тек көңіл көтеру деп қабылдамауы үшін оны жеке тұлға ретінде дамытуға және мерекенің маңызын түсінуіне ықпал ету керек.

Мерекелерде балалардың қойылымдарды сахналауы, ән айтуы, би билеуі, тақпақтарды жатқа айтуы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыратын басты факторы болып табылады.

Ертенгілікте өнер көрсету бала бойында қызығушылықты туғызады, оны қанаттандырады, қуаныш сезімі, мерекелік көңіл-күй пайда болады. Тақпақтарды жатқа айту баланың сөйлеуін дамытады, құрдастарымен бірге ән салғанда, өлеңнің сөздерін жаттайды, әдемі қимылдарды көрсетеді, басқаларды тыңдап үйренеді, қимылдарды дұрыс орындауға тырысады, яғни осы арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттері жетіледі. Бұл іс-шаралардың тағы да бір жағымды жағы- бала күнделікті көріп жүргендерінен бөлек, басқа бір мерекелік безендірілген, ғажайып әлемге әдемі киініп, кейіпкер бейнесіне еніп, тап болғандай сезімде болады.

Әрбір мерекеге арналып құрылған сценарий сол мерекенің қоғамдық мәнін, мақсатын мектеп жасына дейінгі балалардың түсінуіне лайықты етіп жеткізгенде ғана олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Мерекелердің барлық түрлері (ән салу, музыка ырғағымен қимылдар жасау, би билеу, музыка аспаптарында ойнау) балаларды музыканы тыңдауға, сүйе білуге баулиды, балалардың қоршаған әлем туралы алған білімдерін кеңейтеді, эстетикалық талғамды дамытады, адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді (мейірімділік танытуға оң көзқарас қалыптастыру, дөрекілік, өзімшілдіктен аулақ болуға тәрбиелеу).

Күнтізбедегі мереке күндері өзгеріп отырады, бірақ дәстүрлі мерекелер өзгермейді, уақыт өткен сайын оларға деген қызығушылық артып отырады. Олар мектеп жасына дейінгі балаларға өз халқының мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білуге септігін тигізеді

**«АЙГӨЛЕК» БАЛАЛАР ФЕСТИВАЛІ**  
(Жазғы сауықтыру жұмыс түрі)



**Мақсаты:** Балалардың бойында музыкалық қабілеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, әр баланың бойындағы талантты анықтау. Өнерге баули отырып эстетикалық сезім күйін қалыптастырып, әдемілікке, әсемдікке, достыққа, Отанын сүйуге тәрбиелеу.

(Фестиваль өтетін алаң шарлармен,

жалаушалармен , гүлдермен, кілемше жайылып безендіріледі. Керекті құралдар: музыка орталығы, микрофондар, қатысушы балалар өз өнерлеріне сай әсем киінеді.)

**1 жүргізуші:**

Армысыздар, ағайын, құрбы - құрдас,  
Бармысыздар, ән сүйер әз қауымдас.  
Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық,  
Сайыста көңілменен қол соғайық.

**2 жүргізуші:**

Армысыздар, ұлағатты ұстаздар,  
Бармысыздар, жадыраған жас достар.  
Бүгінгі «Айгөлек» фестиваліне қош келдіңіздер.  
Иә, қазақ халқы өнерді жоғары бағалап, оларға ерекше құрмет көрсеткен.

**1 - жүргізуші:**

Менің ойымша оған бірінші дарын, икемділік, жұртшылықты өзіне қарату, ерекше сезім иесі және терең білім мен шеберлікті қажет етеді. Ендеше біздің балабақшамызда осындай балалар бар ма?

**2 - жүргізуші:** Олай болса тұрмайық байқауымызды бастайық.

Әділқазы алқалары төрешілері:

1. меңгеруші:

2. әдіскер:

3. орыс тілі маманы:

Ал енді кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

**1 жүргізуші:**

Әсем әуезді ән - адам өмірінің тамаша бейнесі. Ендеше алғашқы жас өренімізге жол береміз. Ортада «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушісі *Бегімді «Ана»* әнімен, қошеметтеп қарсы алайық.

Дауысың қандай сырлы еді,

Табиғатты тыңдатқан.

Көркің қандай нұрлы еді,

Таң шолпанмен астасқан – демекші Бегім, сен бірінші болып сахнаға шықтың,

қандай сезімде болдың.

- Бұл ән маған ұнады, ал сізге ше?

**2 жүргізуші:**

Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй, - деп Абай атамыз жырлағандай, келесі кезекті *Айару мен Нұрияның орындауындағы «Тәрбиеші»* әніне береміз.

- Айару, Нұрия бәрекелді, сен әніңді тамаша орындадың! Біз саған тек сәттілік тілейміз!

- Ал төрешілер сіздер не дейсіздер?

**1 жүргізуші:**

Уа, халайық, халайық,

Мұнда назар салайық.

Ата жолын жалғамақ,

Ел дәстүрін сақтамақ

Ел намысын қорғамақ,

Алихан шықсын ортаға, - деп, жас

*спортшымыз Алиханның өнеріне кезек береміз.*



- Алихан, жарайсың, спорттық жаттығуыңды жақсы орындап шықтың, маған сондай ұнады.

**2 жүргізуші:**

Әннің әсері де әр қилы. Тәтті әуеннің әрбір ырғағында ұялаған терең мәнімен адамның ұйықтап жатқан жүрегін оятады. Оятады да оның жан дүниесін, әр түрлі күйге келтіреді. Зауқын сергітеді, мұңға бөлейді, бұғып жатқан дертін қозғайды. Адам көңілін жас баладай әлдилеп оятады. Ендеше келесі кезекті *«Оқуда озат боламын»* әнін орындайтын *Жұлдызға береміз.* Қошеметпен қарсы алайық ағайын

**1 жүргізуші:**

Алдымызда ұзақ жол,

Ізденуден талмағай.

Қиындыққа мойымай,

Өнер жолын жалғағай - деп, тамаша *такпағымен ортаға Дәулетті* шақырамыз.

Дәулет, біз сені өнердің биік белестерінен көрейік, сәттілік тілейміз. Ал бұған төрешілеріміз не айтады?

**2 жүргізуші:**

Би десе барын салатын,

Құмары содан қанатын.

Биле, кәне, достарым,

Кезекті сізге жолдадым - деп келесі кезекті *«Ботақан» тобының*

*«Қуыршақтар» биіне береміз.*

- Қыздар, жарайсындар, билерің жақсы болды, менің көңілімнен шықты.

### **1 жүргізуші:**

Жақсы әнші өнеге,  
Сегіз қырлы, бір сырлы.  
Өнерді үйрен бір - бірлеп,  
Әнде шырқап, би билеп.  
Халық айтса біледі,  
Талаптыға нұр жауар,  
Өнерлі өрге жүзер,  
Талаптылар құр қалма!

Бүгін әнші атанбақ – деп ортаға *Таңатар Нұрдананы «Попури»* әнімен шақырамыз. Қане, қошеметтеп қояйық ағайын!

Әдептілікті сақтаймын,  
Нұрдананы мақтаймын.  
Қамқор сыншы болайық,  
Деген сөзін жақтаймын.

**2 - жүргізуші:** Қазақ халқында әншілік, бишілік, сазгерлік, ақындық қасиеті тоғысқан сегіз қырлы бір сырлы жандарды «өнерлі» деп атаған.

Ендеше осы өнер қайдан шығады?

### **1 - жүргізуші:**

Сен бір нәрсені айтпай тұрсың. Қазақта «Асыл тастан, өнер жастан» деген мақал бар. Қай өнер болса да жастайынан машық болу керек.

### **2 - жүргізуші:**

Уа, жарандар, жарандар.

Бәрің бермен қараңдар.

Бишілер кеп қалыпты,

Бір сәт зейін салайық

Әрбір ғажап әлемге арнап

Әсем бір би билейін - дей келе ендеше сахна төріне балабақшамыздың ең кішкентай бүлдіршіндері *«Көңілді матрешкалар»* бишілерін шақырайық

### **1 жүргізуші:**

Бүгінгі сағынышқа, шаттыққа толы кешімізді одан әрі жалғастыралық.

Сән - салтанат жасайық,

Күй сандықты ашайық.

Бұл мереке, бұл тойға,

Әнмен шашу шашайық - деп, байқауымыздың ең кішкентай қатысушысы *Айлинді «Анашым»* әнімен қабыл алыңыздар!

Айлин, бәрекелді, әнінді жақсы орындадың, маған қатты ұнады. Ал, төрешілер сіздерге ше?



## **2 жүргізуші:**

Әндер - әндер! Ұш әуемде,  
Ұш көгімде, күллі әлем,  
Көктем келсе гүл боп елге,  
Мен де бірге түрленем, - деп *Сағыналы Аминаның орындауындағы*  
*«Балабақшамен қоштасу»* әніне кезек береміз.

Амина, талабыңа нұр жаусын! Саған тек сәттілік тілейміз.

## **1 жүргізуші:**

Ал балалар, балалар  
Ортаға назар салыңдар.  
бүлдіршіндер келеді,  
Бар өнерін төгеді, - деп қошеметпен *«Балапан» тобының әсем әнін*  
*тамашалайық. Ән :»Топ-топ балақан»*

## **2 жүргізуші:**

Бүлдіршіндер билейді  
Аяғы жерге тимейді – деп келесі кезегімізді *« Көңілді балалар» биге береміз. (*  
*Тапати) Қошеметтеп қарсы алайық!*  
Жарайсыңдар, балалар, тамаша билеп  
шықтыңдар.

## **1 жүргізуші:**

Қуанып жасымыз да, кәріміз де,  
Саламыз шаттық әнге бәрімізде.  
Аруханмен Назерке ортамызда,  
Халқына ән арнайды шапалақта  
Ендеше ортамызға *«Балабақша» әнімен*  
*Арухан мен Назеркені шақырамыз*

## **2 жүргізуші:**

Арухан, Назерке біз сендерді өнердің биік  
шыңдарынан көрейік.

## **1 жүргізуші:**

Осымен «Айгөлек» фестивалі өз мәресіне де келіп жетті.

Күнде жиын бола бермес дәл осындай,

Күн сайын өзгереміз, өркендейміз.

Ұл - қыздың бақыты үшін ғұмыр кешкен,

Алдымызда отырған әділқазы қонақтарға сөз береміз. (*әділқазылардың*  
*бағалап, марапаттауы)*

Сын - шын, бағалау әділетті болсын! Жеңіске жеткен жеңімпаздарды  
жеңістерімен құттықтаймыз!

Бірге: Көріскенше күн жақсы болсын!!!



**«КӨРКЕЙЕ БЕР, МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ!»**  
**ЕРТЕҢГІЛІК СЦЕНАРИЙІ**  
(мектепалды даярлық топ)

*Ертеңгіліктің мақсаты:* балаларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктермен таныстыру, Туған елді, Отанды сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін кастерлеуге тәрбиелеу.

*Көрнекіліктер:* суреттер, плакаттар, нақыл сөздер, шарлар жалаушалар, слайд, интерактивті тақталар т.б.

*Жүргізуші:* байлығы қазағымның кең даласы,

Ырыстың ұясындай сай –саласы,

Туған жер қасиетіңнен айналайын,

Таусылмас ұрпағыңның қазынасы дей отырып «*Көркейе бер, менің Қазақстаным!*» атты ертеңгілігімізді ашық деп жариялаймын.

*Әнұран орындалады. Құттықтаулар айтылады.*

*Жүргізуші:* Армысыздар, құрметті ата-аналар, және қадірменді қонақтар! Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған «Көркейе бер менің Қазақстаным!» атты мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Тәуелсіздік күні еліміздің



барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрек жарды қуанышқа толы күнді ата - бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.

Армандарды жақындатып тым алыс,  
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.  
Егемендік - ел бақыты, ертені,  
О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

*Би: «Көк ту» Жүргізуші:* Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің  
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің  
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті  
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

*Тақпақтар: Раяна:* Жасай бер елім, қазағым,  
Еселеніп ғажабың!  
Отыз жылдығың құтты боп,  
Кіре берсін ажарың!  
Аман болсын ел, жұртым,  
Аспаным ашық, күн күліп.  
Отыз жылдық азаттық,  
Шаттықты әуен үн қылып.

*Әли:* Тәуелізік отыз жыл,  
Құтты болсын, қазағым!  
Бейбітшілікті жөн еткен,  
Елім өзің, ғажабым!

*Арнұр:* Қазақстаным айбыным,  
Өзіңсің менің Ай, күнім!  
Отыз жылдығың сыйласын,  
Таусылмас шаттық, байлығын!

*Әділхан:* Абыройың асқақ боп,  
Жасай берші гүл елім!  
Отыз жылдығың құтты боп,  
Биіктей бер жыр елім!  
Елім деп соғад(ы) жүрегім,  
Жерім деп соғад(ы) жүрегім.  
Отыз жылдығың биылғы,  
Құтты болсын нұр елім!

*Асыл:* Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.  
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған  
Жаным менің,  
Кеудемді жарып шық та,  
Бозторғайы бол оның шырылдаған!  
Отан!  
Отан!  
Бәрінен биік екен.  
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.  
Отанды сүймеуің де күйік екен,  
Отанды сүйгенің де күйік екен..

*Жүргізуші:* 30 жыл міне толып отыр  
Егеменді еліме  
Өрт салмасын бөтен елдер  
Атамекен жеріме  
Бабамның да арманы  
Осы еді ғой аңсаған  
Тәуелсіздік таңдары  
Бақ береді баршаға.

*Би* «Тәуелсіз Қазақстан»  
*Жүргізуші:* Тәуелсіз еліме 30 жыл  
Ұлан-байтақ неткен жер  
Дәнді дақыл еккен жер  
Жеттік міне арманға  
Қазақстан-Ерікті ел!

*Хор «Сәлем, Қазақстан» «Рәп» би*  
*Жүргізуші:* Дүбірлесін өңірді





Дүбірлесін дүлділі  
 Қазақ деген елімнің  
 Құтты болсын бұл-күні!!  
 Мерекеге шығады  
 Бүкіл халық, біліп қой  
 Отандастар ұғады  
 Тәуелсіздік-ұлық той  
 «Егеменді Қазақстан»

*Жеке ән:*

Мырзабай Аида



«Гимнастика» өнері



*Жүргізуші:* Он алтыншы желтоқсан  
 Тәуелсіздік алған күн  
 Мерекеге ел тосқан

Шарықтап ән салған күн

*Жүргізуші:* Он алтыншы желтоқсан  
 Тәуелсіздік алған күн  
 Ерекше боп мәңгілік  
 Ел жадында қалған күн  
 Қөк аспанда тулардың  
 Желбіреген күні бұл  
 Елім деген ұлдардың  
 Елжіреген күні бұл

*Жүргізуші:* Ту тігілді халқымның бүгін бағына  
 Жас өрендер желбіретіп нық ұста  
 Ғасырларға жалғастырып елдікті  
 Дақ түсірме ата баба рухына  
 Үлгі бізге аталардың ерлігі  
 Ұлағаты өнегесі еңбегі  
 Тәуелсіздік туын ұстап жоғары

*Қортынды:* Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі дей келе бүгінгі Тәуелсіздігіміздің  
 30 жылдығына арналған «Көркейе бер, менің Қазақстаным!» атты мерекелік  
 ертеңгілігіміз өз мәресіне де келіп жетті. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік,  
 халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік, ағайын.  
 Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!



*Ән «Тәуелсіз ел ұланы»*

*Би: «Тек алға»*

## НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

(ересек тобы)

Балалар «Наурыз» көңілді әнімен залға кіреді.

(жарты шеңбер болып тұрады).

*Жүргізуші:* Қымбатты балалар, құрметті қонақтар! Бүгін біз сіздермен бірге тамаша мереке - Наурыз мейрамын тойлап жатырмыз. Бұл мереке тыныштықтың, көктемнің, тазалықтың, мейірімділік пен жақсылықтың хабаршысы болып қала береді. 22-наурыз мерекесі осы кезде күн мен түн теңеліп, табиғат ұйқысынан оянады. Бұл күнді ата-бабамыз – Ұлыстың ұлы күні деп атаған.

(Әрбір бала төрт шумақ өлең оқиды)

Баяу самал еседі,

Сиқырлы қобыз секілді,

Үлкендер де, жастар да ,

Наурызға асығып келеді.

Келіңіздер, келіңіздер!

Бәйге мен айтыс болады,

Осы мейрамда көрсетіндер,

Бойдағы бар өнерді.

Сіздерді ерекше бір той күтуде,

Наурыздық, шұбат, қымыз бар.

Бауырсақ пен балдай шай да бар,

Келіндер, бірің қалмаңдар!

Әртүрлі гүлдер де жетерлік,

Міне бәйшешек, міне нәркес.

Қош келдің сүйікті мерекеміз.

*Барлығы:* « Армысың, әз Наурыз!» әнің шырқайды (Ән: «Әз Наурыз»)

(Балалар орындыққа отырады. Баяу әнмен Наурыз кіреді)

*Жүргізуші:* Сәлеметсіз бе? Мейірімді адам! Сіз кімсіз және неге көңілсізсіз?

*Наурыз:* Мен әз Наурыз боламын,

Жыл сайын мені бәрі күтеді.

Мен көп күттірген аймын,

Шуағыммен қарды ерітемін,

Себебі, Көктемді алып келуім керек!

*Жүргізуші:* Енді ол қайда?

*Наурыз:* Оны қаһарлы хан алып кетті де, сиқырлап тастады. Ал Көктемсіз, менің Көктемімсіз, өмір сүре алмаймын.

*Жүргізуші:* Балалар, не істесек екен? Наурызға көмектесу керек және Көктемді құтқару керек.

*Наурыз:* Бірақ, оны, сендер, қалай, не істемексіңдер?

*Жүргізуші:* Біз қатты әндетіп, көңілді ойнап, би билейміз, сонда Ханның мейірімділігі оянып, сиқырдың күші жойылады! Ал сен, Наурыз, бізге көмектесесің бе?

*Ән:* « Гүлдер-ай »

*Наурыз:* Әрине! Ой, естисіңдер ме, Хан келе жатқан сияқты!

*(Музыканың сүйемелдеуімен Хан кіреді.)*

*Хан:* Міне, мен де келдім!

*Жүргізуші:* Көктемді ұрлап, сиқырлаған сен екенсің ғой?

*Хан:* Әрине! Мен ол үшін тапсырма беремін соны орындаңдар, бірақ олар өте қиын. Келісесіңдер ме?

*Жүргізуші:* Әрине, тапсырмаларыңды орындауға дайынбыз!

*Хан:* Ха-ха-ха! Өздері орындай алатындай сенімді ғой!

*Жүргізуші:* Біздің балалар сенің барлық тапсырмаларыңды орындайды.

*Хан:* Ал, ендеше, тыңдаңдар! Бірінші тапсырмам: Отандарыңды қорғай алатын батырларың бар ма сендердің? Оларды көргім келіп тұр, тыңдағым келіп тұр!

*Отан туралы тақпақтар: (3 балаға )*

Міне, біздің Отанымыз!

Отан деген не өзі?

Оның толық түс кейпін,

Ханым, білгің келе ме?

Отанды біз атамекен,

Деп аялап атаймыз.

Өйткені онда мекен еткен,

Бабамыз бен атамыз.

Отанды жас кәріміз де,

Туған жер деп сүйеміз.

Өйткені онда бәріміз де,

Туып өмір сүреміз.

Отанды әркім анасындай,

Қастерлейді бағалап.

Өйткені Отан баласындай

Бізді өсірер аялап.

Отан деген атамекен!

Отан деген Туған жер!

*Хан:* Отанды қорғай алатын батырларың бар ма? Маған батыр керек.

*Жүргізуші:* Әміріңізге құлдық! Біздің батырлар шығады.

*Би: «Батырлар биі»*

*Хан:* Жарайсыңдар, батырларым!

Ал, енді мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Ол не?

Төбедегі көзінен,

Күн сәулесі түседі.

Бұрышы жоқ төрінен,

Самал еркін еседі.

*Жүргізуші:* Біздің балалар оның не екенін тауып береді. Шешімін тыңда.

Ол не балалар?

*Балалар:* Киіз үй!

*Хан:* Енді оның шаңырағын кім көтереді?

*Жүргізуші:* Біздің топта мықты ұлдарымыз бар, яғни жігіттеріміз бар. Киіз үйдің шаңырағын жоғары көтереді. Балалар, қазір біз көңілді ойын ойнаймыз.

Ханның бір көңілі көтеріліп қалсын.

*Ойын: «Киіз үй»*

*Хан:* Жарайсыңдар, балалар! Мен тағы жұмбақ білемін Ал, енді, шешіп көріңдер. Мынау не? Менің аспабым сынып қалды. Ол қандай аспап? Соны жөндеп беріңдер – деп бұйырады.

(Үстелде қоржынның ішінде домбыраның сынған сынықтары шашылып жатады, балалар оны ойын арқылы магниттік тақтаға құрастырады).

*Ойын: «Домбыра құрастыру»*

*Балалар:* Бұл қазақ халық аспабы - домбыра. Ол ағаштан ойып жасалған, оның екі ішегі және тесігі бар, дыбыс сол жерден шығады.

*Хан:* Жарайды, өздерің шебер екенсіңдер! Мұны да біледі екенсіңдер.

Наурыз мерекесіне қандай дайындықтарың бар? Бұл тойда қандай тағам даярланады?

*Балалар:* Наурыз көже.

*Жүргізуші:* Дұрыс айтасыңдар! Наурыз 7 тағамнан тұрады. Оларды атап өтейік.

*Балалар:* Ет, сүт, айран, құрт, бидай, тұз, су.

*Жүргізуші:* Дәстүр бойынша Наурыз көжені өзіміз дайындаймыз.

*Ойын: «Наурыз көже» ойыны өткізіледі.*

*Жүргізуші:* Ендігі ойнайтын ойынымыз «Мол болсын дастархан!» деп аталады. Келесі кезекті сәбилерге берейік.

*Ойын: «Мол болсын дастархан!»*

*Жүргізуші:* Топ балалары сіздерге өз әндерін шырқап береді.

*Ән: «Мол болсын дастархан!»*

*Хан:* Ал, жарайсыңдар балалар! Сендер нағыз мықты екенсіңдер! Менің оған көзім жетті, асыға күткен көктемдеріңді қарсы алыңдар! ( Сол кезде құлтырып көктем кіреді).

*Жүргізуші:* Балалар! Көктемді қарсы алайық!

*Хан:* Балалар, сендерге керемет мереке үшін көп рахмет! Маған ерекше көңіл-күй сыйлап, бұл балабақшада білімді, алғыр, күшті, епті балалар көп екенін дәлелдедіңдер. Мен өздеріңе ырзамын, қош аман болыңдар! (Хан кетеді)

*Наурыз:* Мен сіздерде қонақта болдым. Маған өте ұнады, Көктемді босатып, оның жер ананы нұрға бөлеп, жылғалардан су ағызып, табиғат ананың өсіп өніп өркендеруіне мүмкіндік бергендерің үшін көп рахмет!

Мерекеді қазақтың дәстүрімен Наурыз көже ішейік.

*Жүргізуші:* Наурыз құтты болсын!

## «ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ» АТТЫ ЕРТЕҢГІЛІК СЦЕНАРИИ (кіші топ)

*Балалар залға қол ұстасып ән ырғағымен кіреді.*

### **Тәрбиеші:**

Құтты болсын Жаңа жыл, барша қауым,  
Құтқа орансын кең байтақ дархан елім.  
Қазақтың пейіліне тарту етсін,  
Табиғат ашық аспан, таң шапағын!

### **Балалар:**

Аспан жерге төгеді,  
Ақ күмісін уыстап.  
«Қыс» мезгілі келеді  
Бізге қарай жылыстап.  
\*\*\*

Дала қандай тамаша  
Ақ мамыққа оранған.  
Ақ дастархан жапқандай  
Көз тоймайды қарасаң.  
\*\*\*

Аспанды бұлт тұмшалап,  
Жер ақ тонын киеді.  
Шұнақ аяз шымшылап,  
Ақ бетімнен сүйеді.  
Құлақтарын үсіткен  
Шынықпаған қай бала?  
Осы болар қыс деген  
Айтсақ жауап жай ғана.  
\*\*\*

Қонақтайды бақтарға  
Ақ көбелек, ақ мамық.  
Аунап таза ақ қарға  
Балалар жүр мақтанып.  
Тазартып бар, кір – шаңын  
Қыс өнерін бастады.  
Терезеге қыраудан  
Сурет салып тастады.

**Хормен:** Құтты болсын жаңа жыл

**Ән:** «Жаңа жыл».

### **Тәрбиеші:**

(Балаларға жұмбақ жасырады)  
-Ақсақалды бір шал бар.  
Бір жылда бір – ақ рет келеді.  
Қыздары мен ұлдарына,  
Сыйлық әкеп береді,

-Ол .....

**Балалар:** -Аяз ата

**Аяз атаны шақыру:** (Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата)

**Тәрбиеші:** Аяз атамызды шақырайық (Ән әуенімен Аяз ата кіреді)

**Аяз ата тақпағы:**

Амансыңдар ма, балалар,  
Амансыңдар ма, қонақтар!  
Өсті міне ойларың,  
Өсіпті міне бойларың.  
Құтты болсын балалар,  
Келген жаңа жылдарың!  
Алаңдамай өсіңдер,  
Еркелеп ұл – қыздарым!

**Ән:** Аяз ата.

**Тақпақ:**

Аяз ата келіп тұр,  
Бізге сәлем беріп тұр.  
Тақпақ айтқан балаға,  
Сыйлықтарын беріп тұр.

**Аяз ата:** Ау, менің Ақшақар қызым қайда? деп сұрайды.

**Балалар:** - Ақшақар, Ақшақар деп айқайлайды.

**Ақшақар:** (Ән әуенімен Ақшақар кіреді)

Жасыл шырша орманнан,  
Сендерге арнайы келіпті.  
Ойыншығын балалар,  
Шыршаға әсем іліпті.  
Сәлеметсіздер ме балалар.

Ата үйде қолбағыңыз қалып қойыпты соны алып келіп, кешігіп қалдым -деп кешірім сұрайды.

**Аяз ата:** Ой рахмет, қызым енді көңілім көтеріліп қалды. Балалармен ойын ойнасам да болады.

**Ойын:** «Үсітемін».

**Тәрбиеші:** аяз ата төрлетіңіз, отырыңыз.

Біздің балалардың өзіңізге қыс мезгіліне арналған тақпақтарын қабылдаңыз.

**Тақпақтар:**

Бар баланың қонағы,  
Төрлет ата жоғары.  
Барлық бала өзіңдей,  
Қашан мырза болады?

\*\*\*

Жасыл желек жамылған,  
Асыл моншақ тағынған.  
Келді сұлу шыршамыз  
Көптен күткен, сағынған.  
О, алақай тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.  
Жаңа жылда бәріміз  
Ән айтамыз жаңаша.  
\*\*\*

Сылдырлайды моншағы,  
Шыршамыздың мол шамы.  
Жаңа жылмен жайдары  
Құттықтаймыз баршаны.  
\*\*\*

Тауда туып, тауда өскен,  
Шырша келді ортаға.  
Бәріміз бір дауыспен  
Дейміз енді шыршаға:  
Қуант бізді, таңырқат  
Шамдарыңды жарқырат.

**БИ:** «Ақша қарлар».

**Тақпақтар:**

Әдемілеп біз ілген,  
Ойыншықтар тізілген.  
Қандай жақсы шыршамыз  
Ән шырқайық баршамыз.  
\*\*\*

Жаңа жылмен, Жаңа жылмен,  
Құттықтаймыз әрине.  
Әкемізді, анамызды  
Қонақтардың бәрінде.  
\*\*\*\*\*

Жаңа жылда, Жаңа жылда,  
Жаңаша тақпақ айтамыз.  
Болсын риза балаша  
Аппақ біздің атамыз.  
\*\*\*

Құтты болсын ата – ана,  
Жаңа жылың бүгінгі.  
Бауырыңда балаларың  
Ұзақ болсын өмірі.  
\*\*\*

Алар асу, шығар тау көп,  
Еңбек думан маңайың.  
Жаңа жылда денің сау боп  
Бақытты бол ағайын.

**Ән:** Шырша әні

**Би** «Шыршалар»

**Тақпақтар:**

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса,

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

\*\*\*

Марал, Зада мақтана,

Соқтық дейді аққала.

Мен қызықтап қарап ем,

Аққала емес ақ бала.

***Ойын: Аққала***

1) Балалар аққала құрастырады.

2) Ата – аналар киінеді.

**Би «Аққала».**

Ән әуенімен **Жаңа жыл** шанамен сыйлықтар алып келеді.



## ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ветлугина Н. А., Кенеман А. В. Теория и методика музыкального воспитания в детском саду. – М., 1983.
2. Виртуальный курс по планированию и управлению дошкольным воспитанием [Текст]: дистанционное образование. Астана-Караганда. 2003 г. 3. Дошкольная педагогика. Под редакцией В.И. Ядэшко и Ф.А. Сохина [Текст]. Москва «Просвещение» 1978 (с. 344-345)
4. Зимина Н. Лучшие сценарии праздников для малышей [Текст]. Н.Зими́на. – М.: Центрполиграф, 2010 – 159 с.
5. Методика музыкального воспитания в детском саду. [Текст]. Под ред. Ветлугиной Н.А. М.: Просвещение, 1982. (с.3)
6. Рябцева И.Ю., Жданова Л.Ф. [Текст]. /сборник сценариев для детей. Ярославль «Академия развития», «Академия Ко» 1999,-208с.
7. Ходаковская З.В. Музыкальные праздники для детей раннего возраста [Текст]: сборник сценариев/З.В. Ходаковская.-М.: Мозаика-Синтез, 002.
8. Божович Л. И. Личность и её формирование в детском возрасте. – М., 1968.
9. Ибука М. После трёх уже поздно. – М., 1992.
10. Радынова О. П. и др. Музыкальное воспитание дошкольников. — М., 1998.
11. Цукерман Г. А., Елизарова Н. В. О детской самостоятельности // Вопросы психологии. — М., 1990. — № 6.
12. Березовчук Л. Музыка и мы. Самоучитель элементарной теории музыки. — М., 1996.
13. Кленов А. Симфония с сюрпризом (Юному любителю музыки). – Л., 1975.
14. Книга о музыке / Сост. О. Очаковская. — М., 1971.
15. Королева Е. Музыка в стихах и картинках. — М., 1994.
16. Левашова Г. Музыка и музыканты. — Л., 1969.
17. Музыкальный энциклопедический словарь / Под ред. Д. В. Кельдыша. — М., 1991
18. Осовицкая З., Казаринова А. В мире музыки. — М; 1996.

## МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Мерекелер мен сауық-кештердің маңызы мен рөлі	4
3	Мерекелердің түрлері және олардың сипаттамалары	5
4	Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар	7
5	Сценарий құруға ұсынымдар	9
6	Қорытынды	10
7	Қосымша	11
8	Пайдаланылған әдебиеттер	25

